




БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОНСТИТУЦИЯ – МАНИФЕСТ ЕМЕС, ЗАҢ



Соңғы кездері менен конституциялық пікірталас кезінде неге үнсіз қалатынымды жиі сұрайды. Менің айтар қысқаша жауабым: мағынасыз жұмыс істеуден шаршадым. Иә, мен қазіргі Конституцияның авторларының бірімін.

(Жалғасы 2-бетте)



ШКІР. ҰСЫНЫС. ТАЛҚЫ

Мирлан ҚЫЗЫЛЛОВ,
Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшысы

«ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАНДАЙ ЖАЗАҒА ЛАЙЫҚ?

Қазіргі таңда мемлекеттік тілдің мәртебесін қорғау және тіл туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық өзекті мәселенің біріне айналып отыр. XXI ғасырдың құндылықтар парадигмасында біз үшін мемлекеттік тіл – қазақ тілі басты орын алуы қажет. Өйткені тіліміз – ұлттық мәдениет пен руханиятты үнемі жаңғыртып отырудың бірден-бір көзі.

Ал бұл, біріншіден, қазақ тілін еліміздегі тілдік саясаттың басты бөлігі ретінде қарастыруға кепілдік береді. Екіншіден, егемен еліміздің тіл саясатында мемлекеттік тілге берілген басымдық – мемлекеттің тұтастығын айқындайтын ұлт саясатының маңызды бөлігі. Үшіншіден, әрбір елдің қуатты күші, байлық-бақыты экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өрсімен де айқындалады, ал мәдени өре, рухани талғам халықтың ақыл-ойының көрінісі тілге тікелей тәуелді. Тіл – құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастырудың бірден-бір көзі.

Өз тілінде сөйлеу әр адамның құқығы дейміз. Ал құқық дегеніміз – қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, мемлекет орнықтыратын және мемлекет қамтамасыз ететін жалпыға міндетті заң нормаларының жүйесін құрайтын институт. Десек те, осы институттың заң кеңістігінде де осал тұстары көп. Осындай бәсі кем түсіп жатқан басты мәселенің бірі – «Тіл туралы» заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық десек, артық айтқанымыз емес. Өсіресе мемлекеттік тілдің мәртебесіне күмәнмен қарау – мемлекеттік тілдің құзырына орасан нұқсан келтіретін бірден-бір жәйт. Ендеше әрбір азамат тілдік саясатта алдымен «Тіл туралы» заңды негізге алуы тиіс.

Ел Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп айқын жазылған. Бұл конституциялық талап-

ты мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес орындардың барлығы міндетті түрде орындауы қажет. Оның ішінде құқық қорғау органдарының аса маңызды болып саналады. Себебі «Құқық қорғау қызметі туралы» заңның 1-бабы, 7-тармақшасында «Құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік орган» деп жазылған.

Бір анығы, қалыптасқан қоғамдық тәртіпті бұзып, заңға қайшы келген адамның мінез-құлқына, іс-әрекетіне құқықтық ықпал ету – заңды құбылыс. Құзыретті органдар тұлғаның заңды және заңсыз іс-әрекетіне баға берерде алдымен заңдық құқықтық актілерге жүгінеді. Өйткені заңдағы көрініс тапқан ереже талайғы тәжірибенің іс-әрекетті бағалаудағы ең соңғы қорғасындай балқып қорытылған нәтижесі болып табылады.

Дегенмен қым-қуыт өмірде, тіршілікте ғалымдар мен практиктердің қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мәселелерін бір сәт назардан тыс қалдырмай, пікір жарыстырып жататыны соны айтамыз. Өйткені күнделікті өмірде жеке және заңды тұлғалардың заңға қайшы іс-әрекет танытып, құқықтық талаптардан ауытқып, заң шеңберінен шығып кететіні жиі кездесіп қалады.

(Жалғасы 8-бетте)

МӘСЕЛЕ

Елімізде қолөнершілер тұрақты түрде қаржылық қолдауға ие болады. Осылайша олардың шығармашылық әлеуеті экономиканың бір саласы ретінде кеңінен дамуға мүмкіндік алады. Бұл жөнінде Парламент Сенатының жалпы отырысында мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды талқылау барысында белгілі болды.

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҢА ДРАЙВЕРІ

Сенатор Бибігүл Аққожинаның сауалына жауап беру барысында Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетовтың айтуынша, бүгінде қолөнершілер экономикада едәуір үлес алады. Жалпы, кәсіпкерлік субъектілерінің 70 пайызы осы кәсіп иелеріне тиесілі екен.

Жалпы, креативті қаржыландырудың үш тетігі бекітіліп отыр: гранттық, бірлескен және венчурлық қаржыландыру. Бұл ретте басымдық аталған қолөнершілермен қатар саз және дизайн, қазақ тіліндегі анимация, цифрлық өнерге берілмек. Былтыр құрылған Креативті индустрияны дамыту қоры жобаларды іске асыруға, қаржылық қолдауға жауапты болады. Уәкілетті орган Мәдениет және ақпарат министрлігі мониторинг пен қадағалау шараларын жүзеге асырады.

Заң жобасы Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленіпті. Баяндама жасаған Палатаның әлеуметтік мәдени-даму комитетінің мүшесі Айгүл Қаппарованың айтуынша, құжат Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауындағы елімізде креативті экономиканың жан-жақты дамуына барлық жағдайларды жасау жөніндегі тапсырмасын орындауды көздейді.

Заңның мақсаты – елімізде креативті индустрияларды дербес әрі экономикалық маңызы бар сектор ретінде қалыптастыру, сондай-ақ шығар-

машылық әлеуетті экономикалық айналымға тарту үшін институционалдық және құқықтық негіздерді айқындау. Бұл ретте креативті индустриялар экономиканы әртарапандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға және шағын әрі орта бизнестің дамуына ықпал ететін перспективалы бағыт ретінде қарастырылады.

Осы заңмен «Мәдениет туралы», «Кинематография туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар жасалды. Атап айтқанда, креативті индустрия саласына қатысты бірқатар жаңа ұғымдық анықтамалар нақтыланып, креативті индустрия субъектілерінің тізілімі енгізіліп, сондай-ақ оларды онлайн форматта есепке алу тетігі көзделді. Бұл саланың ашықтығын арттыруға, нақты статистикалық деректер қалыптастыруға және мемлекеттік қолдау шараларын жүйелі түрде жоспарлауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар уәкілетті органға креативті индустрия субъектілерінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік қоса қаржыландыру шеңберінде жеке инвестицияларды тарту процесін мониторингтеу жөніндегі құзыреттер беріледі. Бұл нормалар мемлекеттік және жеке сектор арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуге, инвестициялық белсенділікті арттыруға бағытталған.

(Жалғасы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОНСТИТУЦИЯ – МАНИФЕСТ ЕМЕС, ЗАҢ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ҮГІТ-НАСИХАТ ҰРАНДАРЫНА ДЕГЕН ТАЛАП ОРЫНСЫЗ

Пікірталас кезінде мен екі мәселе бойынша таластым: Конституциялық Сотты сақтау және Парламенттің өкілеттігін шектемеу. Екі мәселе де қабылданбады. Соған қарамастан, мен бұл Конституциядан ұялмаймын. Онда Франция Конституциясының негізгі ережелері қабылданды, бұл Францияның демократиялық ел болып қалуына кедергі келтірмейді. Назарбаев пен оның отбасының жеке билігін нығайтуға бағытталған кейінгі түзетулерден ұяламын. Назарбаевтың кезінде мен осы ұятты өзгерістердің барлығын талдап, Конституцияны жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныстар енгізген, соның ішінде бір палаталы Парламентті де қамтитын көлемді мақала жаздым. Мен сондай-ақ Тоқаевтың кезінде енгізілген бірқатар түзетулерге де қарсы шықтым. Әрине, ештеңе ескерілмеді. Әлі де солай болады.

Түзетулердің мәтіні бұрыннан жасалған және ешкім ештеңені өзгертуді жоспарлап отырған жоқ. Конституциялық комиссия – бұл фарс. Оның құрамында жүзден астам адам бар. Заңдарды шағын, жинақы топ жазады. Конституциялық сарапшылар тобы 12 адамнан тұрды. Тіпті сол кезде де біз Шәйкеновтің командасы дайындаған, аяқталған жобаны талқылап жатқан едік. Азаматтық кодексті менің басшылығыммен 12 ғалымнан тұратын топ жазған. Мұнда да солай. Мәтінді шағын топ жазған. Ал Конституциялық комиссия оны бірауыздан қолдады.

Жұмагелді Елубаев, Оразалы Ержанов, Жанар Сүлейменова және басқа да көптеген белсенділер мен ғалымдардың өздеріне тән нәрсені ұсынып жатқан әрекетін құптаймын. Бірақ осы ұсыныстардың ешбірі қабылданбайтынына толық сенімдімін.

Конституция – манифест емес, заң. Және бұл бағдарлама емес. Ол болашаққа шақырмайды, ол қол жеткізілгенді бекітеді. Сондықтан кіріспе мен басқа да үгіт-насихат ұрандарына деген барлық талап орынсыз.

Ал бұл жобаның басты кемшілігі – еркін сайлауды жою. Парламентті тек партиялық тізімдермен құру, оппозициялық партия құру мүмкін болмаған кезде, демократиядан бас тарту болып табылады. Ең жақсы Конституция 1993 жылғы Конституция болды; кейінгі әрбір өзгеріс Конституцияны біртіндеп нашарлатты. Өкінішке орай, біздің барлық ұсыныстарымыз ескерілмеді.

Майдан СҮЛЕЙМЕНОВ,
заң ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА академигі

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ БАС ҚҰЖАТ ДЕҢГЕЙІНДЕ БЕКІТІЛУІ ҚАЖЕТ

Respublica фракциясы – бизнес, жастар және өңірлер мүддесін білдіретін саяси күш ретінде, мықты институттарды, болжамды ережелерді, жекеменшік құқығын және кәсіпкерлік еркіндігін дәйекті түрде қолдайды. Осы тұрғыдан біз жаңа Конституция жобасын елдің орнықты дамуына бағыттаған стратегиялық қадам деп бағалаймыз. Практикалық мәні бар негізгі бағыттарға тоқталайық.

1) **Жекеменшік – экономикалық сенімнің тірегі.** Жекеменшік институты кәсіпкерліктің де, экономикалық өсімнің де негізі болып қала береді. Жаңа Конституция жобасы оны қорғау қағидатын сақтай отырып, құқықтық айқындықты күшейтеді. Бұл бизнеске, азаматтарға және сот жүйесіне ортақ әрі түсінікті бағдар береді.

2) **Алатау сити – экономикалық серпіндік нүктесі.** Институционалдық жаңғырудың жалғасы ретінде аумақтарды дамытудың арнайы құқықтық режимдері ұсынылуда. Қазақстан бүгінде инвестициялар мен технологиялар үшін жаһандық бәсекеде тұр, ал бұл бәсекеде шешуші рөлді бизнес жүргізу шарттары атқарады.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы осы тәсілдің тиімді екенін көрсетті. Ерекше юрисдикция мен халықаралық арбитраждың арқасында ел экономикасына 20 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция тартылды. Алатау сити жобасы осы тәжірибені жаңа деңгейге көтереді. Бұл – болашақ салаларға арналған кешенді орта. Пилотсыз көлік пен авиация, робототехника мен дрондар, цифрлық активтер мен финтех сияқты бағыттар ұзақмерзімді құқықтық тұрақтылықты талап етеді. Мұндай тұрақтылық Конституциялық деңгейде ғана қамтамасыз етіледі.

3) **Халықаралық шарттар – құқықтық жетілу кезеңі.** 1995 жылдан бері қолданылып келген халықаралық шарттардың басымдығы

өтепелі кезеңнің міндетіне сай болды. Ол әлемдік құқықтық кеңістікке кіруге қаралы қызметін атқарды. Халықаралық құқықтың негізгі қағидаты өзгермейді. Міндеттемелер адал орындалуы тиіс. Ал оларды іске асыру тетігін әр мемлекет өзінің конституциялық жүйесі арқылы айқындайды. Жаңа Конституция жобасы осы тұрғыдан неғұрлым теңгерімді әрі басқарылатын модель ұсынады.

4) **Цифрлық дәуірдегі құқықтарды қорғау.** Цифрлық технологиялар азаматтардың да, бизнестің де күнделікті өміріне толық енді. Осы жағдайда дербес деректерді және жеке өмірді қорғау Конституциялық деңгейде бекітілуі қажет. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, цифрлық құқықтарды Конституцияда бекіту технологияны тежемейді. Керісінше, сенімді арттырып, инновациялардың орнықты дамуына жол ашады.

Бұл өзгерістердің барлығын біріктіретін ортақ мақсат бар. Ол – институттарды нығайту, сенім қалыптастыру және ұзақмерзімді экономикалық өсімге жағдай жасау. Бұл – іскерлік орта күтетін, ал азаматтар жаңа жұмыс орындары мен өмір сапасының артуы арқылы сезінетін бағыт. Respublica партиясы осы реформаны қолдай отырып, заманауи, бәсекеге қабілетті әрі серпінді Қазақстанның пайдасына саналы таңдау жасайды.

Айдарбек ҚОЖАНАЗАРОВ,
Respublica партиясының
торағасы



ҰЛТТЫ САҚТАУ – МІНДЕТ

Соңғы онжылдықта адамзат қоғамдастығы революциялық өзгерістерге тап болды.

Бір жағынан, қоршаған орта, табиғат түбегейлі өзгеруде. Адамдардың өмір сүруін түрлі техногендік катастрофа, дауыл, селдер, қуаңшылық, ауа райының шамадан тыс ыстық болуы қиындата түсуде. Екінші жағынан, әлемдік басым державалар агрессиясы күшейіп, жаһандық тәртіпке қауіп төндіруде. Орташа, кішкентай мемлекеттерге қауіп-қатер күшейе түсуде. Үшіншіден, әлемдік өзгеріске, саудаға, ақпараттар алмасу жолында интеллектінің, қоғамдық қатынастардың негізгі салаларын түгел дерлік цифрландырудың ықпалы арта түсуде. Төртіншіден, жоғарыда аталған факторлар әсерінен адамның өмірі, оның тіршілік ету жағдайы да айтарлықтай жаңаруда.

Дәстүрлі құндылықтарды прагматистік психология алмастыруда. Адамдардың мінез-құлқы мен ұстанымы өзгеріп жатыр. Отбасылық дәстүрлер де дағдарысқа ұшырауда.

Сөз жоқ, 1995 жылғы назарбаевтық Конституция бүгінгі күн талабына жауап бере алмады. Ол Конституция вертикалды президенттік биліктің мүддесіне негізделген. Өтпелі кезеңнің міндеті мен басымдығы 1999 жылғы Конституциялық өзгерісте көрініс тапты. Содан бері 30 жылдан астам уақыт өтті. Елдің, халықтың алдында жаңа мақсат, міндеттер пайда болды. Жаңа Конституция оларға жауап беруге тиісті.

Жаңа Конституцияға негізделген жаңа заңдар тізбесі қабылданады. Жаңа

Конституция мен жаңа заңдар платформасында түбегейлі жаңа Қазақстан қалыптасады деген мақсат бар. Өзгермеген қоғам, жаңармаған мемлекет дағдарысқа ұшырайды деген парадигманы ұмытуға болмайды.

Бай, қуатты мемлекет құруды қамтамасыз ететін факторлар көп. Соның маңыздысы – елдің дұрыс, саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени шындыққа жауап беретін және олардың өсіп-өркендеуіне заңдық алаң жасайтын Конституция. Жаңа Конституция жобасы осы талаптарға жауап береді деген пікірдемеміз. Адами фактордың ғылым мен инновацияға негізделетіні белгілі. Сондықтан жобаның 3-бабының 2-тармақшасында Қазақстанда білім, ғылым, инновацияның дамуы стратегиялық бағыт ретінде тандалады. Бұлай айтылуы өте дұрыс. Себебі қазіргі қоғамда осы аталған салаларды дамытпайынша, табысты даму болмайтыны ақиқат.

Конституция жобасының преамбуласы да мәдениет, білім, ғылым мен жаңашылдық құндылықтарына ден қою Қазақстан қоғамы үшін дамудың негізгі көзі ретінде күн тәртібіне қойылады. Демек, Конституцияның жобасы елді шикізаттық мемлекет болудан құтқаруды көздейді. Құжатта елімізді болашаққа бастайтын тың шараларға басымдық берілген.

Сайын БОРБАСОВ,
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, саяси ғылымдар докторы

ҚҰЖАТ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ МЕХАНИЗМІН КҮШЕЙТЕДІ

Конституция – бұл тек қана мемлекеттік құрылым туралы құжат емес. Ең бастысы, ол мемлекет пен азаматтар арасындағы қоғамдық келісім. Кез келген конституциялық реформа тек қоғамның нақты сұранысына сүйеніп, азаматтардың белсенді қатысуымен жүзеге асырылған жағдайда ғана нақты мәнге ие болады. Әйтпесе, ең дәйекті және прогрессивті нормалар да формальды сипатта қалуы мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда, болып жатқан өзгерістерде азаматтық қоғамның ролін негізгі фактор ретінде қарастыру қажет. Қоғамдық институттар мемлекет органдары мен халық арасындағы тұрақты коммуникацияны қамтамасыз етеді, азаматтар мүддесін көрсетеді және мемлекеттің шешімдер қабылдауда олардың есепке алынуына ықпал етеді.

Айта кету керек, Конституцияға енгізілетін өзгерістер мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара әрекеттестіктің заманауи моделін қалыптастырады, азаматтардың елді

басқаруға қатысуын кеңейтеді және қоғамдық бақылау механизмдерін күшейтеді.

Конституцияға «Қазақстан Халық Кеңесі» деген жеке бөлімді енгізу қоғамдық диалогты институционалдастыруға бағытталған маңызды қадам. Бұл институт қалыптасу тәртібі ашық, қоғамдық мүддені нақты көрсететін және жұмысын тиімді ұйымдастыратын болса, қоғам мен мемлекеттің ұстанымдарын келістірудің және елдің тұрақты дамуына бағытталған бастамаларды әзірлеудің маңызды механизміне айналуы мүмкін.

Шындығында, бұл азаматтардың негізгі мемлекеттік шешімдерді, соның ішінде заңнамалық мәселелерді талқылауға және түзетуге қатысу мүмкіндігін кеңейтуді білдіреді. Осылайша, ұсынылып отырған конституциялық өзгерістер мемлекет пен азаматтар бірлесіп, елдің дамуына жауапкершілікпен қараған әділ қоғам қалыптастыруға негіз болады.

Бану НҰРҒАЗИЕВА,
Қазақстанның азаматтық альянсының президенті

ӨЛІМ ЖАЗАСЫНАН БАС ТАРТУ – ӨРКЕНИЕТТІ ТАҢДАУ

Конституцияға өзгеріс енгізу – бұл мемлекеттің тұрақтылығы мен егемендігін сақтау үшін өте байсалды әрі қатаң тәртіппен жүзеге асырылатын тарихи сәт. Өзгеріс енгізудің мақсаты – Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету. Әрине, Конституция – елдің негізгі заңы, жоғарғы идеясы болғандықтан, елдің әрбір азаматы құқықтық нигилизм танытпай, өзінің хал-қадірінше оңтайлы атсалысуы тиіс.

Конституцияға өзгерістер енгізу жалпыхалықтық референдум және Парламент арқылы жүзеге асады. Ұсынылған жаңа Конституциялық жобада бұрынғы Конституцияда кездеспеген ұғым, нормалар бар. Солардың кейбіреуіне тоқтала кетсек.

1. Вице-президент деген кім?

Ол – Президенттен кейінгі екінші жоғары лауазымды тұлға (орынбасар). Өдетте ол Президенттің міндетін уақытша атқарады, белгілі бір салаға жауап береді, билік сабақтастығын қамтамасыз етеді. Президент қызметін атқара алмай қалған жағдайда (ауыр сырқат, отставка) билік дағдарысыз ауысады. Мысалы, АҚШ-та бұл жүйе тұрақты жұмыс істеп келеді.

Басқару жүктемесін азайту: Президент негізгі стратегиялық мәселемен айналысады. Вице-президент нақты бағыттарға, дипломатия, парламенттік байланысқа жауапты болуы мүмкін.

Саяси тұрақтылық: ел ішінде билік үшін күрес азаяды, себебі күтпеген

жағдайда дайын тұрған нақты тұлға яғни, орынбасар бар. Сыртқы саясатта – Президент болмаған жағдайда өкілдік етеді.

Вице-президент пен мемлекеттік басқарудағы кемшіліктер:

Президент пен Вице-президент арасында ықпал үшін күрес туындауы мүмкін, әсіресе, олардың саяси көзқарасы әртүрлі болса және жауапкершілігі нақты көрсетілмесе. Конституциялық дағдарыс тәуекелі, егер өкілетті нақты бөлініп заңмен бекітілмесе, билік тармақтары арасында түсініспеушілік туындайды. Формальды қызметке айналған жағдайда, аппарат, күзет бюджет шығыны болады.

2. Кейбір азаматтар өлім жазасын қайтару туралы Конституциядағы нормаларға қатысты пікір айтуда. Заңгер ретіндегі пікірім: мемлекеттің дамуы үшін темірдей тәртіп керектігі анық. Әрине, өлім жазасы – мемлекет қолданатын ең ауыр жаза түрі, әсіресе, ұйымдасқан жемқорлық, терроризм,

Отанға опасыздыққа өлім жазасы қажет. Сонымен қатар өлім жазасына қарсы аргументтер бар. Ең қауіпті тұсы: өлім жазасына сотпен қате үкім шықса, оны түзету ешқашан мүмкін емес, әлемде өлім жазасына кесілгеннен кейін ақталған жағдайлар бар.

Қазақстанға бұл жаза бүгін қажет пе? Құқықтық тұрғыдан алғанда, қажет емес. Себебі Конституциямен және бекітілген халықаралық міндеттемелерге қайшы. Қоғамдық тұрғыдан алсақ, аса ауыр қылмыстар кезінде сұраныс пайда болады. Саяси тұрғыдан тиімсіз, халықаралық оқшаулану қаупі бар, яғни құқықтық мемлекет имиджіне нұқсан келеді.

Қорыта айтқанда, өлім жазасы кек алу емес, әділеттілік құралы болуы тиіс. Ал егер қателесу мүмкін болса – ол әділетті бола алмайды. Сондықтан қазіргі құқықтық мемлекет үшін өлім жазасынан бас тарту – өркениетті таңдау, қоғамды қорғаудың ең тиімді жолы – әділ сот пен қатаң, бірақ қайтымды жаза.

Қанат ЖҰМАБАЙ,
заңгер, Халықаралық адам құқықтарын қорғау комитетінің Қазақстандағы өкілдігінің кеңесшісі

МӘСЕЛЕ

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҢА ДРАЙВЕРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жергілікті атқарушы органдарға креативті кәсіпкерлікті дамытуға, шығармашылықпен айналысатын азаматтар мен таланттардың танылуына және олардың әлеуетін іске асыруға жағдай жасау жөніндегі өкілеттіктер беріледі. Креативті индустрияларда еңбек ететін жұмыскерлердің құқықтары заңнамалық деңгейде бекітіледі.

Сонымен қатар шетелдік шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың қатысуымен өтетін мәдени-бұқаралық іс-шараларды алдын ала келісу тәртібі айқындалды. Фильмдерді прокатқа дейін сараптау, прокаттау куәлігін беру мерзімін ұлғайту, жастарды креативті қызметке тарту және республикалық мемлекеттік мәдениет ұйымдарының мүлкін жалға беру тәртібі де нақты регламенттелді.

Жалпы алғанда, аталған заң креативті экономиканы дамыту үшін қажетті кешенді құқықтық негізді қалыптастырады. Ол халқымыздың шығармашылық әлеуетін арттыруға, бәсекеге қабілетті креативті өнімдерді жасауға және оларды ішкі әрі сыртқы нарықта тиімді монетизациялауға мүмкіндік береді деген үміт бар.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасаған сенатор Руслан Рүстемов те заңның ел бойынша креативті индустриялардың жүйелі дамуын қамтамасыз ететінін атап өтті. Оның айтуынша, қазір еліміздің барлық өңірлерінде креативті орталықтар ашылды. Бұл шығармашылық әлеуетті тек ірі қалаларда емес, өңірлерде де ашуға мүмкіндік береді. 2024 жылдан бастап креативті қызметтің жекелеген түрлеріне 2-4% мөлшерінде арнайы бөлшек салық енгізілді.

Бір жылдың ішінде субъектілер саны 17 пайызға өсіп отыр. Нақты айтқанда, бүгінгі таңда 46 мыңнан астам субъект тіркеліп, 150 мыңға жуық адам креативті индустрияда жұмыс істейді.

2029 жылға қарай саланың ЖІӨ-дегі үлесін 2 пайызға дейін арттыру, экспорт көлемін 115 млн АҚШ долларына, ал жұмыспен қамтылғандар санын 180 мың адамға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Депутаттар арасында өрбіген талқылау кезінде қойылған сауалдың бірі креативті кәсіпкерлікті тізілімге енгізу өлшемдеріне қатысты болды. Кочетов мырзаның айтуынша, арнайы әзірленген жаңа ереже бойынша үш негізгі критерий бекітілген. Олардың бірі – кәсіпкердің Қазақстанда заңды түрде тіркелуіне қатысты болса, екіншісі оның қызметі креативті индустрияға жататын 43 экономикалық қызмет

түрінің (ОКЭД) біріне сай болуы қажет және үшіншісі, тіркеу сәтінде салықтық және өзге де берешегі болмауы тиіс. Осы жайлы баяндай келіп ол:

– Бұл талаптар креативті экономиканы ашық әрі әділ етуге бағытталған. Әрбір жеке тұлға немесе шағын бизнес өкілі осы тізілімге енудің тең мүмкіндігіне ие, – деді.

Сенаттың тұрақты комитеттері заң жобасын қолдап, ескертусіз мақұлдады. Қабылданған заң елімізде креативті индустрияларды қолдаудың жаңа құқықтық және институционалдық базасын қалыптастырады. Бұл бағыт Қазақстанның шығармашылық әлеуетін арттырып, креативті өнімдерді ішкі және сыртқы нарықта тиімді монетизациялауға жол ашады.

Айша ТҰРМАҒАМБЕТОВА,
«Заң газеті»



АЙМАҚ-АҚПАРАТ

Таза ауызсумен қамтылған ауылдар саны артты

Іле ауданы Мұхаметжан Түймебаев ауылындағы мыңнан астам үй орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылды. Жоба құны – 1,4 млрд теңге. Нәтижесінде 21,5 шақырым су құбыры тартылып, 2 резервуар мен 220 метр тереңдікке жететін 2 артезиандық ұңғыма, лаборатория салынған.



Су 2025 жылдың тамыз айынан беріле бастап, құрылыс-монтажда жұмысы қараша айында толығымен аяқталған. Болашақта тұрғындар саны 30 пайызға дейін өскен жағдайда да сумен қамтамасыз етуге қуаты жетеді. Осы уақытқа дейін әр үйде 35 метрге жететін ұңғыма болған. Бірақ ол су ішуге жарамсыз болғандықтан, тұрғындар ауызсуды үйлеріне тасып, әкеліп жүрген.

Іле аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ғазиз Алтайұлының айтуынша, өткен жылы Іле ауданында ауызсу жүйесінің 55,2 шақырымы жаңадан салынып, 10 шақырымы жаңартылған.

А.МӘУЛЕНБАЙ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Абаттандыру жалғасып жатыр

Жетісу облысында республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында биыл 12 жасыл аймақты абаттандыру жоспарланып отыр. Оның ішінде 9 саябақ, 1 сквер және 2 аллея бар. Бұл туралы Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



Сонымен қатар, экобағдарлама аясында өңірде биыл 25 аула, 17 балалар мен спорт алаңдары абаттандырылады. 148 көпқабатты тұрғын үйдің шатырлары мен қасбеттері жөнделіп, 15,6 шақырым арық желілері ретке келтіріледі, 200 шақырым көше жарығы орнатылады. Сондай-ақ 121 мың көшет отырғызу жоспарланған.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша, өңірде 13 саябақ, 6 аллея, 2 сквер абаттандырылды. Солардың ішінде бірегей нысандардың бірі – Сарқан ауданында орналасқан, табиғи ландшафты сақтай отырып салынған саябақ. Жалпы аумағы 6 гектар болатын бұл саябақта Жоңғар-Алатау ұлттық табиғи паркінің флорасы мен фаунасын бейнелейтін ағаштар отырғызылып, жануарлардың мүсіндері орнатылған. Осыған байланысты алдағы уақытта оны экопарк ретінде дамыту жоспарланып отыр.

Е.КЕБЕКБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

Әкім спортшылармен жүздесті

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Қаратау қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде спортшылармен және олардың жаттықтырушыларымен жүздесті. Кездесу барысында Ербол Қарашөкеев Конституцияның жаңа жобасын жан-жақты таныстырып, Ата Заңның басты идеяларының бірі ретінде білім мен ғылымды, мәдениет пен инновацияны дамыту айқындалғанын атап өтті. Бұл бағыттар өскелең ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негіз болатынына сенім білдірді.

Сондай-ақ жалған әрі бұрмаланған ақпараттардан сақ болып, жаңа Конституция жобасының мәтінін терең түсініп оқуға шақырды.

– Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау – ортақ міндет. Бұл тұрғыда ел болашағына оң әсерін тигізетін жаңа Ата Заң жобасының маңызы зор. Баршаңызды еліміздегі тарихи оқиға – Конституциялық реформаға бей-жай қарамауға шақырамын, – деді облыс әкімі.

Еркін форматтағы басқосу соңында Ербол Қарашөкеев ел намысын қорғап, өңір абыройын сақтатып жүрген таластық спортшыларға алдағы жарыстарда сәттілік тіледі.

Т.ИБАСHEBA
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

Степногорск қаласы прокуратурасының бастамасымен білім беру мекемелерінде «Жас қорғаушы» жобасы іске асырылуда. Жобаның мақсаты – кәмелетке толмағандардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, заңға саналы және жауапты көзқарасты дамыту және құқық бұзушылықтардың алдын алу.

«ЖАС ҚОРҒАУШЫ» ЖОБАСЫ ІСКЕ АСУДА

Жоба шеңберінде оқушылармен жүйелі құқықтық жұмыс, оның ішінде заңнама негіздері бойынша сабақтар, құқықтық жағдайларды талдау, практикалық тапсырмалар және құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер басты рөл атқарады.

Алдын алу мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, құқықбұзушылықтарды анықтауға және алдын алуға бағытталған рейдтік іс-шаралар жүргізілді.

Кәмелетке толмағандарға әкімшілік және тергеу, қамауға алынған адамдарды уақытша изоляторда ұстау шарттары

көрсетілді. Сондай-ақ оқушылармен интерактивті форматта профилактикалық кездесулер (квизалар, құқықтық кейстерді шешу) ұйымдастырылып, жол жүру ережелерімен және қауіпсіздігімен таныстырылды.

«Жас қорғаушы» жобасы жасөспірімдер арасындағы қылмыс деңгейін төмендетуге, девиантты мінез-құлықтың алдын алуға және кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Ақмола облыстық прокуратурасының
баспасөз қызметі

ПӘРМЕН

ЖҮРГІЗУШІ КӨЛІК ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Көлікті масаң күйде жүргізген жүргізушілерге берілетін жаза қаншалықты қатал болса да, ішімдік ішіп көлік жүргізу әрекеті тыйылмай келеді. Азамат Х. өз басқаруындағы «В» маркалы көлік құралын алкогольдік масаң күйде басқарған. Сот отырысында оның құқықбұзушылық әрекеті өзінің кінәсін мойындаған түсінігімен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен дәлелденген.

Сот қаулысымен Х. ӘҚБТК-нің 608-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 15 тәулікке әкімшілік қамқақ алу жазасы және 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жаза тағайындалды.

Қызылорда облысы
Арал аудандық соты

ЖАМБЫЛ-180



ЖАМБЫЛ – ЖЫРДЫҢ АЛЫБЫ

Жамбыл Жабаев 1846 жылы Жамбыл тауының етегінде дүниеге келіп, бір ғасырға жуық ғұмырын жырмен өрді, елді өршіл жырларымен қанаттандырды, намысын қайрады, мақтанышын арттырды. Ол – қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасындағы алтын көпір. Жамбыл – тек ақын ғана емес, Сүйінбайдан бата алған, жырдың киесін қондырған нағыз жыраулық мектептің соңғы тұяғы.

Жамбыл феномені – оның суырыпсалмалық шеберлігінде. Ол домбырасын қолына алғанда, сөзден маржан тізіп, қоғамның ең өзекті мәселелерін дөп басып айта білген. Жамбылдың Құлмамбетпен, Досмағамбетпен айтыстары қазақ сөз өнерінің шыңы болып саналады. «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» секілді дастандары арқылы ол халықтың батырлық рухын оятты.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Жамбылдың атақты «Ленинградтық өренім!» жыры майдандағы жауынгерлер мен қор-

шаудағы халыққа үлкен жігер берді. 95 жастағы ақынның дауысы бүкіл әлемге естіліп, жеңіске деген сенімді нығайтты.

Бүгінгі таңда Жамбыл есімі Қазақстанның әрбір қаласында, облыс орталықтарында және шетелде де ұлықталуда. Оның шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып, адамзаттық құндылықтардың қатарына енді.

Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығы – бұл өткенді саралап, болашаққа бағдар жасайтын маңызды кезең. Ақынның мұрасы – біздің рухани қодымыз. Оның жырларындағы еркіндік, адамгершілік және отансүйгіштік ұғымдары мәңгілік жасай бермек.

Еркесұлу АЙТБАЙ,
Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының іс қағаздарын жүргізуші инспекторы

Жамбыл жырларында тұтас бір халықтың тарихы, мұңы мен қуанышы жатыр. Биыл қазақтың ұлы жырауы, ХХ ғасырдың Гомері атанған Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл. Бұл мерейтой – ғасырлардың ғасырға жалғаған абыздың ғана емес, ұлттық мәдениетімізді ұлықтаудың жаңа белесі.

БАСТАМА

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСҚА ТАРТУ ЖАЗАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

Заң мен тәртіпке бағынған қоғамда тыныштық орнап, қауіпсіздікке қатер төнбейді. Себебі бейбіт елдің болашағы жарқын, дамуы тұрақты. Әлемде осындай қауіпсіз мемлекеттермен байланыс орнатып, инвестицияны дамыған елдерге салуға тырысады. Осыны ескере отырып, Қазақстанда да азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғауға, теңдігін сақтауға, заңдардың мінсіз орындалуына ұдайы басымдық беріліп келеді. Ал құқықтық тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, заң мен тәртіпті орнықтырудың бір тетігі азаматтардың жауаптылығын қалыптастырып, әділ жаза тағайындаумен тікелей байланысты. Міне, осы ретте жаңадан тәжірибеге енгізілген қоғамдық жұмыстарға тарту жазасының маңызы зор.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың 10 қаңтарында «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Қоғамдық жұмысқа тарту – осы өзгерістер қатарында Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне енгізілген жаңа әкімшілік жаза түрі. Бұл жаңа институттың артықшылығы көп.

Біріншіден, бұл жаза құқық бұзушыларды жазалаудан гөрі, тәрбиелеуге бағытталған. Құзырлы органдардың өзіне сенім артып, жауаптылықты сезінуіне жағдай жасағанын түсінген азаматтар қиыс жолға түспеуге, теріс әрекеттерден алыс жүруге тырысары күмәнсіз. Екіншіден, бұл жаза құқық бұзушыны еңбекке баулып, қатесін еңбекпен түзеуіне мүмкіндік беруімен құнды. Үшінші басымдығы – қоғамдық жұмыс құқық бұзған азаматтарды жақындарынан алыстамай, қоғамнан оқшауламай өз қателігін түзеуіне жол ашады. Төртіншіден, қоғамдық жұмыс құқық бұзушыны қаржылай қиындықтан қорғайды. Айыппұл немесе әкімшілік қамаумен

салыстырғанда азаматтардың жұмыс істеп табыс табуына, оқу оқып, кәсіп меңгеруіне кедергі жоқ. Бесіншіден, қоғамдық жұмысқа тартылған азаматтар жұмыссыздықтан құтылып, өзіне жаңа орта, жаңа мүмкіндіктер таба алады. Міне, сондықтан да қоғамдық жұмысқа тарту жазасын әкімшілік жазаның ең тиімді, әрі ең ізгі түрі деуге толық негіз бар.

Қоғамдық жұмысқа тарту жазасының мемлекет үшін де тиімділігі баршылық. Оның ең басты аргументі – қоғамдық жұмысқа тартылған азаматтар қосымша жұмыс күші ретінде мемлекетке экономикалық жағынан пайдалы. Сонымен бірге, жұмыс қолы жетіспейтін салаларға адам тарту мәселесін оңтайлы шешуімен де бағалы. Әрі жұмысқа тартылған азаматтар қайта қылмыс жасап, қоғамға залал келтірмейді деген де сенім бар. Ең бастысы, құқық бұзған азаматтар қоғамдық жұмыс істеу арқылы отбасынан алшақтамайды, жақындарымен сыйластығын сақтайды. Осылайша, қоғамдық жұмыс азаматтың еңбекке деген көзқарасын өзгертеді, өз іс-әрекетінің салдарын түсінуге көмектеседі. Ең негізгі қағида

– сот тек құқық бұзушының келісімі болған кезде ғана қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын қолдана алады.

Қоғамдық жұмысқа тартылған азаматтар көшелер мен саябақтарды тазалау, көгалдандыру, ағаш отырғызу, әлеуметтік нысандарды жөндеу немесе күтіп ұстау, қалалық инфрақұрылымды жақсарту секілді жұмыстарды атқарады.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 49-1-бабына сай, әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар қоғамдық жұмысты өзінің тұрғылықты жерінде атқарады. Бұл қызметті үйлестіру жергілікті атқарушы органдарға жүктелген. Қоғамдық жұмыстың ұзақтығы сағатпен есептеліп, 10 сағаттан 100 сағатқа дейінгі мерзімді құрайды. Сондай-ақ бұл жазаны қолданбаудың негіздері де кодексте толық көрсетілген. Соған сай жүкті, үш жасқа дейінгі жас баласы бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас баласы бар жетімсіз өзі тәрбиелеп отырған ер азаматтар, он сегіз жасқа толмаған адамдар, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастағы және ол жастан асқан ер азаматтар, сондай-ақ әскери қызметшілер мен құқық қорғау органының қызметкерлеріне қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі әкімшілік жаза қолданылмайды.

Жалпы, бұл жазаға жеңіл қарауға, немқетті орындауға болмайды. Белгіленген қоғамдық жұмысқа дәлелсіз себептермен келмеген, қоғамдық жұмыстарды орындауға кірісуден бас тартқан, қоғамдық жұмыстарды орындау кезінде тәртіп бұзған адам қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтарған адам деп танылады. Мұндай факт бойынша ақпарат түскен жағдайда, ішкі істер органдары үш жұмыс күні ішінде хабарламаны қарап, ОҚБ-ТК-де белгіленген тәртіптен шара қабылдайды.

«Заң адам пайдасы үшін жазылады, адам заң үшін тұмайды ғой» деген екен алаш арысы Әлихан Бөкейханов. Сол айтпақшы, қоғамдық жұмысқа тарту жазасы да қиыс кеткен адамдарды еңбекпен түзетіп, қатарға қосуда өз тиімділігін көрсетеді деп сенеміз.

Қайыржан АЛАШҰЛЫ,
Ақтөбе облыстық сотының судьясы

СУДЬЯ МІНБЕРІ

Қылмыстық сот ісінде дәлелдеменің ролі зор. Қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодексте көрсетілгендей, дәлелдемелерді бағалаудың өзіндік тәртібі бар. Дәлелдемелерді бағалау ең алдымен ішкі сенімге негізделеді. Бұл жерде назарда ұстайтын бір жайт – ешқандай дәлелдеме алдын ала бекітілген күшке ие болмайды.

ДӘЛЕЛДЕМЕНІ БАҒАЛАУДЫҢ ӨЗІНДІК КРИТЕРИЙІ БАР

Сот, прокурор, тергеуші әрбір дәлелдемені заңдылығы, қатыстылығы, жол берілетіндігі және шынайылығы тұрғысынан бағалайды. Түптеп келгенде, әрбір дәлелдеме қылмыстық істі шешуге жеткіліктілігі тұрғысынан еркін бағалануы шарт.

Дәлелдемелерді бағалаудың өзіндік критерийлері де айқындалған. Соған сәйкес дәлелдемелер ең алдымен қылмыстық іске қатыстылығына орай сарапталады. Сонымен бірге әрбір дәлелдеменің заң талаптарын сақтай отырып алынғанына мән беріледі. Дәлелдемелердің шынайылығы, ұсынылып отырған мәліметтің растығы да жан-жақты тексеріледі.

Дәлелдемелерге жеке-жеке назар аударылғанымен, негізгі тұжырым жинақтық бағалау бойынша жүргізіледі. Ал іс сапалы қаралып, әділ төрелік жасалуы үшін жиналған дәлелдемелердің жынтығы қылмыстық істің мән-жайын анықтауға жеткілікті болуы тиіс.

Құқықтық, зайырлы мемлекетте әрбір азаматтың құқығы мен бостандығының қорғалуына толық кепілдік берілген. Мұндай кепілдік еліміздің бас құжаты – Конституцияда айқындалған. Қылмыстық процесте адам құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, Қылмыстық-процестік кодекстің 19-бабы кінәсіздік презумпциясын бекітеді: айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, ал дәлелдеу ауыртпалығы айыптау жағында. Бұл дәлелдемелерді бағалауға әсер етеді, соттан прокурор ұсынған материалдарға сыни қарауды талап етеді. Соған сай азаматтардың кінәсі толық дәлелденбейінше оны айыптауға, жауапқа тартуға заңдық тұрғыдан тыйым салынған. Осы ұстанымға орай заңды бұза отырып алынған дәлелдемелерді іс барысында пайдалануға жол берілмейді. Талапқа сай алынбаған дәлелдемелердің заңдық күші болмайды және оны айыптау тарапы негізге алмауы тиіс. Бұдан бөлек, заңмен қарас-

тырылмаған көздерден алынған іс жүзіндегі деректер де дәлелдемелер ретінде танылмауы шарт.

Қылмыстық-процестік кодексте дәлелдемелерді алу, жинау, зерделеу, талдаудың негіздері көрсетілген. Дәлелдемеге куәгерлердің, күдіктілердің, айыпталушылардың айғақтары, сарапшылар мен мамандардың қорытындылары кіреді. Сондай-ақ заттай дәлелдемелер қатарына тергеу әрекеттерінің хаттамалары (тексеру, тінту, алу), электрондық ақпарат тасығыштарды қоса алғанда, өзге де құжаттар жатады.

Тергеу сатысында тергеуші мен анықтаушылар жазып, жинаған дәлелдемелерді сот жиынтықта қарайды. Егер онда қандай да бір қайшылықтар болса, оны зерделеу, қайсысы істің мән-жайын растайтынын немесе жоққа шығаратынын анықтайды. Сот өзі шығарған үкімде қандай дәлелдемелердің шешімнің негізін құрағанын және кейбір дәлелдемелердің не себепті қабылданып, ал басқаларының қандай негізде қабылданбағанын көрсетуге міндетті.

Бүгінгі таңда қылмыстық процесте цифрлық технологияларды, жасанды интеллект жетістіктерін кең қолдануға басымдық беріліп отыр. Ал цифрлық жолмен алынған дәлелдемелерді қабылдау, істегі маңызды дерек ретінде тануда бірқатар мәселе туындатады. Бейнебақылау камераларындағы деректер немесе мессенджерлердегі хат-хабарлар сияқты электрондық дәлелдер олардың түпнұсқалығы мен тұтастығын тексеруі қоса алғанда, бағалаудың ерекше тәсілін қажет етеді. Осыған орай дәлелдемелерді алып, зерделеуге қатысты талаптардың сақталуын үнемі назардан тыс қалдырмау керек. Өйткені, әр істе тура төреліктің жасалуы сот жұмысының сапасын арттырады.

Эльмира САДЫХОВА,
Алматы облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы



ПАЙЫМ

ӘКІМШІЛІК СОТ: ФОРМАЛИЗМНЕН ҚҰҚЫҚТЫ НАҚТЫ ҚОРҒАУҒА ДЕЙІН

Жоғарғы Сот қабылдаған «Әкімшілік істер бойынша процестік заңнаманы қолданудың жекелеген мәселелері туралы» нормативтік қаулысы әкімшілік әділеттің мазмұнын жаңа деңгейге көтерді. Құжаттың басты идеясы – әкімшілік сот формальды талаптарды бақылаушы емес, азаматтың құқығын қорғаушы бөлсенді орган болуы тиіс деген ұстанымды нақтылады. Қаулыда соттың бөлсенді ролі айқын көрініс тапқан.

Судья талап қоюшы мүмкіндіктерінің теңсіздігін жоюға, дәлелдемелерді жинауға, талап қоюдың нақты нысанасын айқындауға ықпал ете алады. Бұл азаматтар пен әкімшілік органдар арасындағы дауларды шешуде әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды кепілі бола алады. Сонымен қатар Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы әкімшілік актінің заңдылығын тексеру кезінде жауапкердің кейіннен жаңа дәлелдемелер (қылмыстық іс бойынша – үждер) келтіруіне жол бермеу қажеттігін көрсетті. Сот тек даулы әкімшілік актінің өзінде көрсетілген негіздер шеңберінде ғана бағалау жүргізеді.

Алдын ала тыңдаудың ролі күшейтіліп, істі мүмкіндігінше бір сот отырысында шешу міндеті қойылды. Бұл сот төрелігінің жеделдігі мен қолжетімділігін арттырады. Нормативтік қаулы әкімшілік әділеттің негізгі бағытын формадан мәнге, жасандылықтан (формализмнен) нақты құқық қорғауға көшуді айқындап берді. Жоғары-

да айтылған мән-жайларды ескеріп, әкімшілік істерді қарау кезінде соттар төмендегі мәселелерге ерекше назар аударғаны дұрыс деп санаймын.

Бірінші мәселе – соттың бөлсенді роліне назар аудару.

Судья талап қоюшының кәсіби және ресурстық әлсіздігін ескере отырып, жасандылыққа жол бермеу және осы кемшіліктерді жоюға көмектесуі тиіс. Дәлелдемелер жеткіліксіз болған жағдайда, судья оларды өз бастама-сымен сұратып алуға міндетті.

Екінші мәселе – алдын ала тыңдауды тиімді пайдалану – қажеттілік.

Алдын ала тыңдауды істі мәні бойынша шешуге дайындайтын негізгі саты ретінде қараған дұрыс. Талап қоюдың жарамдылығын, сотқа дейінгі тәртіптің сақталуын, процестік мерзімдерді осы кезеңде анықтап алу маңызды. Дауды бір сот отырысында шешуге мүмкіндік беретін әрекеттерді барынша жүзеге асыру керек.

Үшінші мәселе – әкімшілік актіні

бағалау. Әкімшілік актіні уәкілетті орган қабылдағанын, рәсімдердің сақталғанын дәлелді және теңдікте екенін тексеру керек. Жауапкердің актіде көрсетілмеген жаңа дәлелдемелеріне құқықтық баға беруге болмайды.

Төртінші мәселе – әкімшілік әрекет пен әкімшілік актінің айырмашылығын айыра білу, яғни аражігін ажырату. Өдеттегі әкімшілік әрекет дербес дау нысанасы болмайтынын білу. Алайда ол өзі жеке рәсім болып, құқық бұзуға әкеп соққан жағдайда дербес талап қоюға жол берілетінін назарда ұстау.

Бесінші мәселе – сотқа дейінгі тәртіпті сақтау.

Заңнамада көзделген міндетті деп танылған жағдайда сотқа дейінгі тәртіптің сақталуын қатаң тексеру. Бұл талап алдын ала тыңдауда немесе сот талқылауы барысында анықталса, тиісті процестік салдарды қолдану.

Алтыншы мәселе – процестік мерзімдерді бақылау.

Мерзімді өткізіп алу себептерін нақты анықтау керек. Талап қоюшыға мерзімді қалпына келтіру құқығын түсіндіру, сондай-ақ оны хаттамада жазу.

Жетінші мәселе – әділеттілік пен ақылға қонымдылықты назарда ұстау.

Әкімшілік істерді қарау кезінде жасандылықпен (формальдылықпен шектелмей, әділеттілік, тепе-теңдік және құқықтардың басымдығы мен ақылға қонымды қағидаларын басшылыққа алу маңызды.

Нүргүл САУЛЕН,
Жангелдин аудандық сотының судьясы
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

ЖАРИЯ СОТ ОТЫРЫСЫ

ҰРЫ АЛЫСҚА ҰЗАМАДЫ

Қосшы қалалық сотында тұрғын үй-жайға заңсыз кіріп, мүліктегі ұрлағаны үшін Н.-ға қатысты қылмыстық іс қаса тұрғындарының қатысуымен жария сот отырысында қаралды (ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігінің 3-тармағы).

Сот барысында анықталғандай, Н. газ магистраліне қосу қызметін ұсыну мақсатымен Г.-ның үйіне келіп, үй ауласынан екі қорапты ұрлап кеткен, нәтижесінде 28 мың теңге материалдық залал келтірілді. Н. жасаған ісіне өкініп, келтірілген залалды өтеді. Сотта Н. кінәсі мойындалып, ұрланған қораптарды ашып қараған кезде олардың мысыққа арналған жатын орын мен ас үйге арналған ұсатқыш екенін көріп, кейін оларды лақтырып жібергенін айтты.

Жәбірленуші ұрланған заттарды қурыр арқылы сатып алғанын, қурыр оларды үй ауласына қалдырғанын алға тартты. Ауладағы бейнебақылау камераларын қарап шыққаннан кейін полицияға жүгінген. Н.-ның кінәсі жәбірленушінің, куәлардың айғақтарымен және бейнежазбамен дәлелденді.

Жаза тағайындауда сот күдіктінің қылмысын мойындауын және шын өкінуін, келтірілген залалды өтегенін жеңілдететін мән-жай деп ескерді, сондай-ақ сотталушының бұрын 6 рет сотталғанын, оның ішінде ауыр қылмыстар жасағанын да назарға алды. Сот үкімімен Н.-ға 2 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Ақмола облысы Қосшы қалалық соты

9 АҚПАН – МҰҚАГАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

Мұқағали Мақатаев. Бұл есімді естімеген, оның шығармаларын оқымаған, жатқа айтпаған қазақты ілуде бір кезіктіруге болады. Өйткені бұл есім қазақстандықтарға ең бірінші мектеп оқулығында таныстырылады.

«КӨШЕДІ ӨЛЕҢ НЕМЕСЕ ӨШЕДІ ӨЛЕҢ...»

«Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.
... Ақынмын деп қалай мен айта аламын,
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.
... Күні киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып, өзіне қайтарамын», – деп өзі жырлағандай, халықтың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып кеткен Мұқағали шығармалары әрбір қазақтың жүрегінен орын тапқан. Әдебиетке құмар, поэзияны сүйетін жастар жыл сайын ақынның дүниеге келген күнін (9 ақпан 1931 жыл) асыға күтеді. Жоғарыдан келетін ешкімнің нұсқауынсыз Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі түрлі білім беру ұйымдарында түрлі апталықтар мен айлықтар ұйымдастырылып, ақын шығармаларын жатқа оқитын оқушылар мен студенттердің өнер жарысына тіпті дайындық курсына оқып жатқан шетелдіктер де белсене қатысатын болған.

Туғанына биыл 95 жыл толатын Мұқағали Мақатаевтың 77 жыл бұрын, яғни 1949 жылы, алғашқы өлеңі жарияланған кезде ешкім қазақ поэзиясының биігінде жаңа жұлдыз пайда болғанын сезбегені анық. 45 жыл ғана өмір сүрсе де, артына мол мұра қалдырып, есімін мәңгі ұмытылмастай етіп тарихқа жазып кеткен ақын әлі күнге дейін шығармалары ең көп оқылатын қазақ қаламгерлері тізімінде көш бастап тұр. Қытай еліндегі баспагерлердің айтуынша, мұндай жағдай 1,5-2 млн қандасымыз тұратын көршілес Қытай елінде де тіркелген.

«Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда Өлеңді ешкім», – деп жырлаған ақын көзінің тірісінде-ақ өзіне ескерткіш қойып кеткеніне әдебиетсүйер қауым әрдайым таңырқай қарайды. Сондықтан да мерейтойлары кезінде жарық көретін естеліктер жинағын асыға күтіп, таласып оқитын оқырмандар үшін Мұқағали Хан-Тәңірі шыңындай ешқашан аласармас биік және асқақ тұлға. Сол себепті Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1985 жылғы шешімімен тағайындалған Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың әлі күнге дейін бәсі жоғары. Ол 1990 жылға дейін жас қаламгерлерге үздік шығармалары үшін беріліп келген болатын.

Ақынның туған жерінде 1991 жылы ақынның 60 жылдығы қарсаңында М.Мақатаев атындағы әдеби-мемориалды мұражайы ашылып, 2011 жылы ол қайта жаңартылған болатын. Ақынның шығармашылығын құрметтейтін халық мыңнан астам жәдігері бар бұл мұражайды тамашалау үшін республиканың әр қиырынан арнайы атбасын бұрып келеді. Олар әрдайым Қарасаз тұрғындары арасында еңбектеген баладан еңкейген көрігіе дейін Мұқағали шығармаларын жатқа айтатынын көріп, таңырқап таңдай қағып, еріксіз бас шайқайды. Атаның емес, күллі адамның баласына айналған, барша қазақтың абыройын асырып, мақтанышына айналған жерлестеріне құрмет көрсету жағынан Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде әлі күнге дейін ешбір ақын-жазушы мұндай қошеметке ие бола алған жоқ. Таулар алыстаған



сайын биіктей түсетіні секілді, жыл өткен сайын Мұқағали туралы оқырмандар арасында түрлі аңыз-әңгімелер пайда болады. Соның бірі жұртшылық арасында Мұқағали сайы аталған жердегі ақынның табиғаттың өзі бейнелеген бейнесіне қатысты. Оны алғаш рет 2011 жылдың ақпан айында Еңбекшіқазақ ауданы Сөгеті ауылының тұрғыны, «Жеті қазына» қоғамдық қорының мүшесі, саятшы Мүлік (Мұхамед) Исабеков Итөлген сайынан Асы жайлауына асатын тұстан фотоға түсіріп алған болатын.

Жалпы, Мұқағали Мақатаев туралы сөз болған кезде, оның 1974 жылғы 3 қаңтарда жазылған күнделігіндегі: «Өз творчествомда қай жерде әлсіз, қай жерде күшті екендігімді өзім жақсы білем. Әлсіз жерім менің кінәм емес, ал күшті жерім – мен өмір сүріп отырған ортаның еңбегі емес. Үнемі өзімді өзіме қалдырып, мәңгі мені қауіптендірумен келе жатқан уақыттың да еңбегі емес» деген сөзі еріксіз еске түседі. Сол кезде ақынның:

Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер ер тұлғалы,
Біреулер тұлпар еді деуі де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.
Жазылар естеліктер нешелеген,
Көреміз бәрін оның пешенеден.
Әйтеуір, білетінім бір-ақ нәрсе –
Көшеді өлең немесе өшеді өлең, – дегені тілге оралады. Иә, шығармасын іздеп жүріп оқитын оқырманы бар қаламгердің өмірі өлең дейтін құдіретті өнер жер бетінен жойылғанша жалғаса беретіні анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ӨЛМЕС МҰРА,
ӨШПЕС ЕСІМ

«...Айып па, адам тағдырын
бүкіл адамның биіктігімен өлшеген?!»

– дейтін Мұқағали ілімі таусылмайтын кен, мүжілмейтін биіктік сияқты. Бұл рухани кен, мәртебелі биіктік қазақтың поэзиясына жан, тіршілік пен сәуле беріп тұр. Мәңгіліктерді жалғап келе жатқан сөз құдіреті талант сүзгісінен өтіп, қарапайым көптің жүрегіне жетіп жатыр. Ғасырларды небір жойқын зауалдардан сақтап, адамзаттың асыл мұраттарын өшірмей, ізгілікке деген кіршіксіз сенімін аласартпай келе жатқан да осындай тұнық, шынайы поэзия.

Қарапайым халық неге әлі күнге дейін Мұқағали жырларына жүгінеді, неге оның тұңғық өлеңдерінен өзін іздейді?! Қандай реалист, темірдей қатты адам болса да немесе тіпті күнделікті сүргіннен еңсесі езіліп, жоңкілген тірлікте сүрініп жүрген еңбекторы болса да, я жаңа технологияларға сүйенген қазіргі заманның жасы болса да, әдемі поэзия, оның ішінде Мұқағали жырлары әуелі жөнелгенде, көзінде нұр ойнап, көкірегінде сәуле жанады. Бірге әндетеді, бірге қосылып тебіренеді. Өйткені онда өмір бар, өзі бар, өзінің көлдей көңілі мен лықсып тұрған мөлдір сезімі бар. Поэзияның құдіреті сол – сыртқа күпінгіш өктемшіл оғардың өзін де босатады, оның жүрек түкпірінде тығылып жатқан ең аяулы бір күйін қозғайды.

Өмір жайлы сұрай берме сен менен,
Өмірді мен әлі зерттеп көрмеп ем,
Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар,
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.
Жесір келін бір нәресте көрмеген,
Жетім шалды бала орнына тербеген.
Өмір жайлы не түсінем мен деген...
Өмір жайлы сұрай берме сен менен, – дейді ұлы ақын.

Перзентінен айырылу, жесір келін мен жетім шалдың күйі ... өмірдегі күллі жалқы адамның ішіндегі күресінен, жалғыздық қасіретінен хабар береді. Бүкіл адамның жалқы болмысы бір біріне ұқсас. Оның мың сан тамырлы ми қатпарындағы «соғыс» дәл өзіндей бір адамның да тағдыры, қуанышы, қайғысы мен бақыты болатынын ұғындырады. Өлең өмірдің біз ойлағандай оп-оңай емес екенін жеткізеді. Ендеше бұл ахуал саналы көпке ортақ. Сол себепті де ол сезім қылын тербейтін Мұқағали жырларынан өзімен үндес күй табады.

Ұлы ақынның көп өлеңінен – әділетсіз қоғам, қиянатшыл ортамен – егес, кей сәтте құлазғыса да, жігері мұқалмайтын күресті көреміз. Тіпті кейде оның асқақ мінезі мен буырқанған ашуы оқырманын ықтырып, ойға қалдырса, «Кең дүние, төсінді аш, мен келемін, Алынбаған ақым бар сенде менің» дейтін өршіл өктемдігі, шексіз еркіндігі мен тұңғық махаббаты бүкіл әлемді жаймашуақтап, жадырата салады.

«Бұйрат құмдар – бұйығып шөлдегенім,
Бура бұлттар – бусанып терлегенім.
Аспанындай кей сәтте күрсінемін,
Жас талындай жауқазын бүршік едім.
Кең дүние, керемет қалтырменен,
Жүрек болып кеудеме кірші менің.
Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,
Секілді бәрі менен көз алмаған»
Кең дүние, кенде етсең сыбағамнан,
Шырылдаған сәбидей мазаңды алам».

Жасымайтын жігері адамзатты қайрап, «кең дүниеден» сыбаға сұратады, тіпті сыбағасыз қалдырса «шырылдаған сәбидей мазаңды алам» деп қайтпаса қажырлы болуға шақырады.

Мұқағали мұрасы талай тарихқа жүк. Оны бүгінге дейін зерттеп, зерделеп көпшілікке ұсынып, жас ұрпаққа ұлағаттап жүрген руханият өкілдері жетерлік. Мұқағали жайлы фильмдер түсірілді, кітаптар басылды, театр сахнасында спектакльдер қойылды. Мұқағали оқулары да жыл сайын жастарды жігерлендіреді, поэзияға қызығушылығын арттырады. Өлмес өнер, өшпес есім. Бұл оның халыққа қалдырған қазынасының түгесілмейтінін көрсетеді. Ал біздің пайым – ақиық ақынның мол мұрасына тағзым мен тамашу.

«Өмір дейтін ұлы бекетте» адам атына лайық ғұмыр кешу, қолынан келсін, келмесін, мейірім мен қайырымға ұмтылу, ақ-адал нәпақанды жеп, арынды биік ұстау кейбіріміздің мінезімізді сынайды. Ол сынақта күйремеу сенің адами өлшеміңе, ішкі қайратыңа, жүрегіңдегі кең сәулене байланысты. Ынық, бүгежек, арамсаз пасық күн кешуге, күй кешуге де болады. Таңдау әркімнің өз құзыретінде. Бірақ ол ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын қара таңба, қатал үкімдей. Аға буынның «арым – жанымының садағасы» делінетін сертінің түп мәні де осында шығар. Мұқағалидай ұлы ақынның жолында қиянатшылдардың да аз кездеспегенін тарих көрсетті, архив сақтады.

Пай, пай, өмір,
Өтесің-ау бір күні!
Болмағандай, жүрмегендей сенде біз,
Кетеміз-ау, әй, кетеміз... пендеміз.
Ұрпақтарға береміз де кезекті,
Біз кетеміз. Кету үшін келгеміз.
Өмір деген – бұйым емес қолдағы,
Өмір дейтін – ұлы бекет жолдағы.
Қаның кеуіп қаталаған кезінде
Сусыныңды қандырсаң бір болғаны.
Мына күн де, мына аспан да, дала анау,
Бәрі бізден, бәрі бізден қалады-ау!
Өмір дейтін – тағатсыз бір қозғалыс,
Өмір дейтін – өлемін деп қарамау, – деп Мұқағали өзі жырлағандай, аға буын өтті, одан кейінгі дана даралар да келместің кемесіне мінді. Әдебиеттегі осындай абыздардың өмірді «тағатсыз бір қозғалыс» деп қарап, күн мен аспан, далаға шексіз махаббатпен сүйсініп өмір сүруі кейінгі буын бізге нағыз Адам боп өмір сүрудің мәнін, өлеңді өмір деп қараудың, ал ол өмірді лайықты өткеру керектігін үйретті. Өлмес мұрасы арқылы асылдың парқын сезіндірді, биіктік пен көркем мінездің құнын ұғындырды. Ал біз келер ұрпаққа, артымыздан ерген жас буынға қандай көркем мінезімізді, қандай өлмес еңбегімізді аманаттаймыз?!

Шолпан ҚАРАЕВА,
«Заң газеті»

ПОЭЗИЯ МҰЗБАЛАҒЫ

Биыл қазақ халқының рухани қазынасын байытқан ұлы ақын, сырлы лирик, ұлттық болмысты жырмен өрнектеген Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толып отыр. Бұл – бір ғана ақынның емес, тұтас қазақ поэзиясының мерекесі. Себебі Мұқағали шығармашылығы – халықтың жүрек соғысы, ұлттың жан дауысы.

Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы, қазіргі Райымбек ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келді. Қарасаз – ақын жырларында қайта-қайта оралатын қасиетті мекен. Табиғатпен етене өскен ақынның жырларынан тау мінезі, дала кендігі, қазақы болмыс айқын сезіледі.

Ақынның балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарымен тұспа-тұс келді. Әкесінен ерте айырылып, тағдыр тауқыметін көріп өскен Мұқағали өмірдің мәні, адамдық парыз, жауапкершілік туралы терең толғанды. Осы өмірлік тәжірибе оның өлеңдеріне шынайылық пен рухани тереңдік дарытты.

Мұқағали поэзиясының өзегі – адам жаны. Ол қуанышты да, қайғыны да, үміт пен күдікті де жасырмай

жырлады. Ақын: «Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай» деп, уақыттың өткінішілігін философиялық деңгейде толғайды. Оның әрбір өлеңі – оқырманмен сырласу, жүректен жүрекке жол тартқан ақиқат сөз.

Ақын махаббат тақырыбын ерекше биікке көтерді. Анаға деген құрмет, туған жерге деген сағыныш, ел мен жерге деген шексіз сүйіспеншілік Мұқағали лирикасының алтын арқауы болды. «Үш бақытым» өлеңіндегі ел, жер, тіл туралы ойлары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Мұқағали Мақатаев – тек ақын ғана емес, ойшыл тұлға. Оның поэмалары мен күнделіктері, эсселері терең философиялық пайымға құрылған. Сонымен қатар ол әлем әдебиетінің жауһарларын қазақ тіліне аударып, ұлттық әдебиеттің өрісін кеңейтті.

Ақынның Дантениң «Құдіретті комедиясын» аударуы – қазақ мәдениетіндегі үлкен құбылыс.

Өкінішке қарай, Мұқағалидың тірі кезінде шығармашылығы толық мойындала қойған жоқ. Алайда ақын: «Есіңе мені алғайсың, ел-жұртым» деп болжағандай, бүгінгі таңда оның жырлары халық жадында мәңгі сақталды. Ақын есімімен аталатын мектептер, кітапханалар, әдеби оқулар – соның айқын дәлелі.

95 жылдық мерейтой – Мұқағали мұрасын тереңірек танып, жас ұрпаққа рухани тәрбие беру үшін маңызды кезең. Ақын өлеңдері адамды адалдыққа, әділетке, туған елін сүйуге үндейді. Оның поэзиясы – ұлттық рухтың мәңгілік шамшырағы.

Мұқағали – бір дәуірдің үні емес, Мұқағали – барлық дәуірдің ақыны.

Е.ӘМРЕБЕКОВ,
Ақтөбе облысы кәсілетке
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

ЖАУҒАР ЖЫРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Қазақ поэзиясының асқар шыңы, сыршыл лирик ақын, талантты аудармашы Мұқағали Мақатаев – ұлттық әдебиетіміздің мәңгілік мақтанышы. Ақынның туғанына 95 жыл толуы – қазақ халқы үшін рухани маңызы зор мерейтой.

Мұқағалидың поэзиясы – шынайылық пен тазалықтың, адам жанының терең иірімдерін бейнелейтін көркем әлем.

Ақынның шығармаларында туған жер, Отан, махаббат, өмір мен өлім, адамгершілік, ар-ождан тақырыптары кеңінен жырланды. Оның «Аққулар ұйықтағанда», «Райымбек! Райымбек!», «Ильич», «Фариза, Фариза кыз», «Үш бақытым» сынды туындылары қазақ поэзиясының алтын қорына енді. Мұқағали Мақатаев тек ақын ғана емес, сонымен қатар шебер аудармашы болды. Ол Уильям Шекспир, Уолт Уитмен, Денте Алигьеридің шығармаларын қазақ тіліне

аударып, әлем әдебиетінің жауһарларын ұлттық рухпен ұштастыра білді.

Ақын көзі тірісінде лайықты бағасын ала алмағанымен, уақыт өте келе оның шығармалары халықтың жүрегінен берік орын алды. Бүгінде Мұқағали поэзиясы ұрпақтан-ұрпаққа рухани азық болып, мәңгілік өмір сүріп келеді.

Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойы – оның әдеби мұрасын дәріптеп, жас ұрпақты отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын мүмкіндігі. Ақынның өшпес өлеңдері рухани байлықтың мәңгілік шамшырағы болып қала бермек.

Ж.КАИРЛАНОВА,
Ақтөбе облысы қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
соты әкімшісінің аға сот приставы

ПАЙЫМ

Тіл – ұлттың тарихи жады мен рухани құндылықтарын сақтайтын негізгі құрал. Мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейту – тәуелсіз мемлекеттің басты ба-сымдықтарының бірі. Осы тұрғыда қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі рөлі ерекше маңызға ие.

ЕЛ БОЛАШАҒЫНА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

ҚР Конституциясына сәйкес, қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілдің қызметі мемлекеттік басқару, білім беру, ғылым мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары салаларында жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Қабылданып жатқан бағдарламалар мен заңнамалық құжаттар қазақ тілінің мәртебесін арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар мемлекеттік тілдің дамуы әрбір азаматтың жауапкершілігімен тығыз байланысты. Тілді күнделікті қарым-қатынаста, іс жүргізу мен ресми ортада дұрыс әрі сауатты қолдану – қоғамның тіл мәдениетін қалыптастырады. Мемлекеттік тілге де-

ген құрмет ұлттық тұтастықты нығайтып, қоғамдық келісімді қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік тілдің беделін көтеру – ел болашағына салынған маңызды инвестиция. Қазақ тілін дамыту мен қолдау бағытындағы жүйелі жұмыстар қоғамның тұрақты дамуына және ұлттық бірегейліктің сақталуына негіз болады.

Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ,
Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы



ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ АЯСЫ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында «Әкімшілік сот ісін жүргізудегі мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Оның жұмысына осы сот төрағасының міндетін атқарушы Ж.Сұлтанова, судьялар, Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы М.Жанасова, адвокат Л.Умирзакова мен заң консультанттары қатысты.

Судьялар сот процестерінде мемлекеттік тілді қолданудың негізгі ерекшеліктеріне, оның қоғамның құқықтық мәдениетін нығайтудағы рөліне тоқталып, әкімшілік сот ісін жүргізуде туындайтын мәселелерді қозғады. Шараға қатысып отырған адвокаттар мен заң консультанттарына сотқа қазақ тілінде берілетін әкімшілік талап қоюлардың санын арттыру жөнінде ұсыныс айтылды.

Облыстық тіл басқармасының өкілі облыс бойынша қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту бойынша атқарылып жатырған іс-шаралар жөнінде баяндама жасады.

Шара соңында қатысушылар мемлекеттік тілді қолдануды кеңейтудің тиімді жолдарын, азаматтардың мемлекеттік тілде құқықтық көмек алу мүмкіндігін талқылады.

Анар ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының баспасөз хатшысы

ТАЗА ЕЛ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЭКОЛОГИЯҒА ЗАУАЛЫН ТИГІЗБЕУ КЕРЕК

Павлодар облысының әкімі Екібастұздағы көмір кеніштеріндегі экологиялық жағдайды тексерді. Жұмыс сапарына соңғы апталарда түтіннің пайда болуы және атмосфералық ауа сапасының нашарлауы туралы екібастұздықтардың өтініштері себеп болған.

Өңір басшысы Асайын Байханов Екібастұздың көмір кеніштеріне барып, орын алған жағдай бойынша сол жерде толық әрі жан-жақты түсініктеме беруді талап етті.

Бұған дейін «Богатырь Көмір» кенішінің солтүстік борттар мен ашылған жыныстардың ішкі үйінділерінде эндогендік үдерістердің шағын ошағы анықталып, жедел түрде оқшауланған болатын.

«Шығыс» кенішінде кәсіпорынның мәліметіне сәйкес, ашық жану фактілері тіркелмеген. «ЕЭК» АҚ филиалының директоры Юрий Личман анықталған булану үдерісі метан құрамды учаскелерде жүргізілген технологиялық жұмыстармен байланысты екенін түсіндірді. Эндогендік өрттердің алдын алу мақсатында кәсіпорын үйінділердің температуралық режиміне ұшқышсыз

ұшу аппараттарын қолдана отырып мониторинг жүргізуде.

Ошақтардың басым көпшілігі «Ангренсор Энерго» ЖШС кенішінде тіркелген. Өңір басшысы кеніште жүйелі әрі ашық бақылауды қамтамасыз етуді және анықталған бұзушылықтарды жедел жоюды талап етті.

Облыс әкімі кез келген технологиялық үдерістер экологияға және тұрғындардың денсаулығына қауіп төндірмеуі тиіс екенін атап өтті. Барлық көмір өндіруші кәсіпорындардың басшылығына мұндай жағдайларға жол берілмейтіні қатаң ескертілді.

Нысандарды аралағаннан кейін Асайын Байханов Екібастұздағы экологиялық ахуалды жан-жақты талқылаған жиналыс өткізді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

ЖИЫН

АҚИҚАТ АДАЛ АЙТЫСТАН ТУАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған академиялық тыңдаулар өтті. Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Үнзила Шапақ, Ермұрат Бапи, Ерлан Саиров, судьялар, мемлекеттік органдардың өкілдері, академиялық қауымдастық мүшелері, жетекші заңгер-ғалымдар, сондай-ақ конституциялық құқық саласындағы тәжірибелі адвокаттар мен сарапшылар қатысты.



Жиынды ҚазҰУ заң факультетінің деканы Уәлихан Ахатов ашып, жаңа Конституция жобасының мазмұндық әрі идеялық өзегі преамбулада айқын көрініс тапқанын жеткізді. «Жаңартылған преамбула – формалды кіріспе емес, мемлекеттің рухани-идеялық тұғыры, Конституцияның бүкіл мәтінін біріктіріп тұрған құндылықтық бағдар ретінде ұсынылады. Дәл осы бөлімде мемлекеттің тари-

хи жады, қоғамдық келісімге деген ұмтылысы және болашақ дамудың стратегиялық бағыты жинақталған», – деді Уәлихан Ахатов.

Депутат Үнзила Шапақ Конституциядағы өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге, мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталғанын айтты. «Жаңа Конституцияның жобасы бұқаралық ақпарат

құралдарына жарияланғаннан бастап қоғам арасында кеңінен талқылануда. Қазірдің өзінде Конституциялық комиссия түскен ұсыныстарды қарастырып, жан-жақты талдау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сондықтан әлі де Конституцияға жаңа толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі. Осы орайда университеттің ғалым-сарапшыларымен бірлесіп академиялық тыңдаулар өткізу аса маңызды», – деді ол.

Академиялық тыңдаулар кезінде заң ғылымының докторы, профессор Алуа Ибраева, заң ғылымының кандидаты, профессор Лейла Култемірова, Алматы қаласы Алатау ауданының судьясы Талғат Дәулетниязов баяндама жасады.

Шара барысында қатысушылар Конституция жобасының негізгі ережелерін жан-жақты әрі кәсіби тұрғыда талқылап, ұсынылып отырған өзгерістер жөнінде талдау жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар халықаралық тәжірибе мен ұлттық құқықтық дәстүрлерді ескере отырып, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірледі.

Нәтижесінде жинақталған сараптамалық ұсынымдар мен талдамалық материалдар алдағы ғылыми-талдамалық, сараптамалық-консультативтік және қоғамдық-ағартушылық қызметте, сондай-ақ конституциялық құқық пен мемлекеттік басқару саласындағы ғылыми зерттеулерді дамытуда пайдалану жоспарлануда.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»




Өңір

«Quiz» интеллектуалды ойыны ұйымдастырылды

Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен облыстық, қалалық, аудандық аумақтық сайлау комиссиялары мен Жас сайлаушылар клубтарының мүшелері арасында «PRO-Сайлау» тақырыбында «Quiz» интеллектуалды ойыны өтті. Мақсаты – комиссия мүшелерінің сыни ойлануын, коммуникативтік, көшбасшылық, зияткерлік дағдыларын арттыру.

Іс-шараның соңында интеллектуалды ойында белсен-



ділік танытқан командалар дипломдармен марапатталды.

Дүниежүзілік сайлау күнін мерекелеу аясында облыстық аумақтық сайлау комиссиясы жариялаған «Үздік дауыс беру мекен жайы» байқауы қорытындыланды. Байқау қалалық және аудандық аумақтық сайлау комиссияларының арасында өткізіліп, нәтижесінде III дәрежелі дипломмен Индер аудандық аумақтық сайлау комиссиясы, II дәрежелі дипломмен Қызылқоға аудандық аумақтық сайлау комиссиясы, I дәрежелі дипломмен Исатай аудандық аумақтық сайлау комиссиясы марапатталды. Байқауға қатысқан Индер ауданы №111 учаскелік сайлау комиссиясы «Ең креативті безендірілген зал» номинациясы бойынша марапатталса, Қызылқоға ауданы №147 учаскелік сайлау комиссиясы «Ең жайлы учаске» номинациясы, Махамбет ауданы №215 учаскелік сайлау комиссиясы «Сандық инновация көшбасшысы» номинациясы бойынша марапатталды.

А.МӘУЛЕНБАЙ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Құқықбұзушылықтың алдын алу маңызды

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековтің төрағалығымен құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстваралық комиссияның кезектен тыс отырысы өтті. Кеңеске құқық қорғау және арнаулы органдардың басшылары, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жиын барысында қатысушылар қаладағы қазіргі криминалға ахуалды, қабылданып жатқан профилактикалық шаралардың тиімділігін, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ведомстваралық өзара іс-қимыл мәселелерін қарады. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Шымкент қалалық полиция департаменті басшылығының міндетін атқарушы Арман Бейсенбаев, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі департаменттің қалалық департаментінің басшысы Өркен Сейітов және қала прокурорының орынбасары Рашид Әміров баяндама жасады.

Отырыс барысында қала әкімі құқықбұзушылықтардың алдын алу мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтарының бірі болып қала беруі тиіс екенін атап өтті. Сонымен қатар жаңа «Құқықбұзушылық профилактикасы туралы» заңның күшіне енуіне байланысты, жергілікті деңгейде алдын алу шараларын күшейту, қауіп-қатерлерді ерте кезеңде анықтау және кешенді тәсілді енгізу қажеттігін тоқталды.

«Негізгі агент құқықбұзушылықтарды ерте анықтауға қойылуы тиіс. Профилактика – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл мемлекеттік аппараттың ортақ міндеті. Бұл жұмыс жүйелі әрі тұрақты түрде жүргізілуі қажет», – деді Ғабит Сыздықбеков.

Мегаполис басшысы сондай-ақ ауыр құқықбұзушылықтардың, оның ішінде көмелетке толмағандар арасындағы суицид жағдайларының алдын алуға ерекше назар аудару қажеттігін атап айтты.

Р.НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ҚҰЛАҚАҒЫС

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы биыл тоғызиншы рет детектив шығармалар байқауын жариялайды.

Биылғы байқаудың талаптары:

Техникалық талап: Мәтін Microsoft Word редакторында терілуі тиіс, көрпі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, бас-аяғы 1-5 беттен аспағаны абзал.

Сондай-ақ байқауға қатысушылар көмегімен қазақ детективінде бірегей ізкесушінің бейнесін қалыптастыруды мақсат етіп келе жатқанымызға биыл үшінші жыл.

Еске сала кетсек, ағылшын жазушысы Артур Конан Дойддың қаламынан туған Шерлок Холмс – әдеби персонаж. Жазушы қиялының жемісі саналатын осы ізкесушіні әлем халқы таниды, жақсы көреді. Содан болар, Шерлок Холмсқа деген құрмет жоғары. 1990 жылы Лондоннан ашылған музей-үйі – сөзіміздің нақты дәлелі. Бүгінде бұл музейге келушілерде есеп жоқ. Қысы-жазы кезек аралмайтын музейде жазушы шығармасындағы персонаждармен қауышып, әр оқиғаның ішінде жүргендей хал кешесіз. Артур Конан Дойддың кереметтігі осында. Ол ағылшын детективін дамытуға сүбелі үлес қосып қана қоймай, Шерлок Холмс бейнесі арқылы ағылшын ізкесушілерінің мықтылығын, даралығын дәлелдеді. Сөз құдыретінің арқасында қиялдан туған кейіпкерінің көмегімен

ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

елінің танымал болуына ықпал етіп отыр. Ендеше, қазақтың өз ізкесушісінің образын қалыптастыруға не кедергі? Мұндай айтулы тұлғаны қаламның күші, қиялдың ұшқырлығымен жасайтын – Сіз бен Біз!

Құрметті байқауға қатысушылар!

Ішкі істер министрлігінің білікті мамандарымен ақылдаса отырып, сіздерге ұсынғалы отырған бірегей ізкесушінің бейнесі төмендегідей:

Тергеушінің /жедел уәкілдің/ сипаттамасы:
Қайысенов Абылай Әзімханұлы.

* Жасы: 35-50 аралығында;

* Қалалық ІІБ Тергеу бөлімінің басшысы, шені – полковник.

* Жоғары білімді, арнайы оқу орнын аяқтаған /бірге оқыған достарымен әрдайым хабарласып тұрады/.

* Орта денелі, бойы 170-180 см, салмағы 83 кг.

* Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғылданған /күрес түрлерінен спорт шеберіне үміткер; осының арқасында елде ғана емес, шет мемлекеттерде де спортшы таныстары көп. Спортпен әлі күнге тұрақты айналысып тұрады. СПМ қызметкерлері арасында өткізілетін турнирлердің жеңімпазы;/

* Отбасылы: 2 ұл, 1 қызы бар. /Жұбайы – Айша, мамандығы – дәрігер. Үлкен ұлы Медғат ІТ саласында қызмет етеді, жеке кәсіпкер. Екінші ұлы Қасым – ЖОО студенті. Қызы Еркеназ – орта мектептің 9-сынып оқушысы.

* Ата-анасы Астана қаласында тұрады, екеуі де зейнеткер /олармен, туыстарымен, достарымен байланысты үзбейді;/

* Жұмыста қатап, бір істі қолға алса, нәтиже шығармай тынбайды; мәселені қазалап, бүге-шігесіне дейін зерттеп, мән-жайды анықтауды әдет қылған.

* Уәдеге берік, тік мінезді, алайда әр істі ақылға салып, аналитика жасап шешім қабылдауды жөн санайды;

* Жауапкершілігі жоғары, кәсіби шебер маман ретінде кейде басқа өңірлерге іссапарға шығып тұрады /жедел тергеу тобы құрамында күрделі істерді тергеу үшін/;

* Адамдармен қарым-қатынаста сыпайы, ортада өзін ұстай біледі, үлкен-кіші демей барлығына құрметпен қарайды. Қиналған адамға көмектесуге, қол ұшын созуға дайын тұрады.

* Атыс қаруын жақсы меңгерген.

* Бос уақытында балық аулағанды жақсы көреді /қармақпен/. Отбасымен табиғат аясына шығып демалғанды ұнатады;

* Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты мықты ұстанады, жөн-жосықты жақсы біледі;

* Қриминалистика бойынша үнемі оқып, ізденеді.

* Адал, жемқорлыққа жаны қас.

Бұл – біз ұсынып отырған кейіпкердің жалпы сипаттамасы. Ал, бас кейіпкердің қасиетін әрі қарай даралау, қандай қылмысты аштырып, қандай жұмбақты шештіру, ең бастысы, ізкесушіден

жағымды бейне қалыптастыру – сіздің қиялыңыз бен шеберлігіңізге байланысты. Еркіндікке шек қойылмайды.

Байқаудың үздік шығармалары жинақталып кітап болып шығады. Осыған орай авторлардың өз туралы толық мәліметті берумен бірге, шығармасын жинаққа қосу туралы рұқсатты жазбаша рәсімдеп жолдау талап етіледі.

Оның мәтіні төмендегідей:

КОЛХАТ

Мен

«Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС бастама-сымен өтетін детектив байқауына қатыса отырып, конкурста жолдаған атты шығарманың авторлық құқықын «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-не беремін. Ұйымдастырушылар шығармалды баспасөз бетінде, интернет сайттар мен әлеуметтік желіде менің рұқсатымсыз жариялап, жинаққа енгізе алады және басқа да мақсаттарға пайдалануға құқылы. Болашақта менің тарапымнан ешқандай талап, шағым, наразылық болмайды.

Аты-жөні, қолы, датасы

Қосымша сұрақтарыңыз бен шығармаңызды zangazet@mail.ru электрондық поштасына «Байқау!» деген белгімен жолдай аласыз!

Байланыс телефоны: 87011220940

ТАРАТУ

3. «Atrium Management» ЖШС (БСН 221040012219) (БҚО, Орал қаласы, Желсаев өнеркәсіптік аймағы, 29/3-құрылыс) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Желсаев өнеркәсіптік аймағы, 29/3-құрылыс, тел. +7 701 419 17 67.

4. «Уральск Девелопмент» ЖШС (БСН 121040017136) (БҚО, Орал қаласы, Дина Нүрпейісова көшесі, 17/1-құрылыс) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Дина Нүрпейісова көшесі, 17/1-құрылыс, тел. +7 701 419 17 67.

5. «Office property» ЖШС (БСН 191140017949) (БҚО, Орал қаласы, 4-ықшам ауданы, 35-құрылыс) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, 4-ықшам ауданы, 35-құрылыс, тел. +7 701 419 17 67.

6. «Атриум Trade » ЖШС (БСН 121040016121) (БҚО, Орал қаласы, Дина Нүрпейісова көшесі, 17/1-құрылыс) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Дина Нүрпейісова көшесі, 17/1-құрылыс, тел. +7 701 419 17 67.

7. «Атриум City» ЖШС (БСН 121040014422) (БҚО, Орал қаласы, Дина Нүрпейісова көшесі, 17/1-құрылыс) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Дина Нүрпейісова көшесі, 17/1-құрылыс, тел. +7 701 419 17 67.

8. «Equipment service» ЖШС (БСН 121040017090) (БҚО, Орал қаласы, Желсаев өнеркәсіптік аймағы, 29/3-құрылыс) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Желсаев өнеркәсіптік аймағы, 29/3-құрылыс, тел. +7 701 419 17 67.

12. «GT development» ЖШС (БСН 201140031463) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Теректі шағын ауданы, Таусамалы көшесі, 2А-үй.

13. «Факел» ЖШС (БСН 910840000296) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі, 1-үй.

14. «DL Construction Group» ЖШС (БСН 200140026107) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Жамбыл көшесі, 202-үй, 22-пәтер.

15. «СиСиЛоун.кз» Микроқаржы ұйымы» ЖШС (БСН 151040016751) микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған 12.03.2021 жылғы № 02.21.2021.М лицензияның қолданылуын тоқтатылатыны жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мұратбаев көшесі, 180-үй, 404, 405, 406-көңселер.

16. «Asran Almaty Qala» ЖШС (БСН 231140003215) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050050, Наурызбай ауданы, Шұғыла шағын ауданы, 340/4-үй, 15, 1-корпус, тел. 8 701 348 95 26.

17. «Микрофинансовая организация АТН Finance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 220840012846) Алматы қаласы, Алматы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 410/78 үйі, 2023 жылғы 11 сәуіріндегі №02.23.0012.М. микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның әрекетін ерікті түрде тоқтатуы туралы хабарлайды.

20. «Almaz999-КМ» ЖШС (БСН 210240008888) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек Жолы ауылдық округі, Жібек Жолы ауылы, Ж. Дүйсеков көшесі, 33-үй.

24. «Маңғыстау облысының өңірлік мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» акционерлік қоғамы (БСН 111140001551) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 2 шағын аудан, № 47в ғимарат, 419/420 кенсе, тел. 87019868471.

25. «Махаммат-ата бастауыш мектебі» ЖШС (БСН 211040027631) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарамұрт ауылы, Жамбыл көшесі, 61А ғимарат, индекс 160805.

26. «YASINA GROUP» ЖШС (БСН 230740007594) таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланғаннан кейін екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Құлсары қаласы, Шарипов көшесі, 78-үй. Тел. 87025972988.

28. «СА-Логистикс» ЖШС (БСН 241040029485) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылы, 1 Квартал көшесі, 66/14 үйі, тел. 8775 783 26 83. 7 ақпан 2026 ж.

ӘРТҮРЛІ

2. Трихофития жұқпалы ауруының алдын алу және сақтану жолдары
Трихофития – жұқпалы тері ауруы болып есептеледі. Ауру орналасқан жеріне байланысты, әртүрлі симптом көріністерімен ерекшеленеді. Аурудың негізгі жағу көзі – ауру адам және ауруға ұшыраған ауылшаруашылық малдары (ірі қара малдары, түйе, жылқы, ұсақ мал) және үй жануарлары (ит пен мысық). Трихофития ауруы саңырауқұлақпен шақырылып, адамның терісін, бастың шашты бөлігін және тырнақ пластинкасын зақымдайды. Ауру адаммен тікелей қатынаста болу немесе киім, тұрмыстық заттар (бас киім, жүнді жаға, тарақтар, төсек жабындысы, ойыншықтар) арқылы жұғады. Бұдан басқа шаштарда – шаш қысқартқанда, сақал қырғанда, тырнаққа маникюр жасағанда да жұғуы ықтимал. Дерматомикозға шалдығудың негізгі факторы – ең алдымен, иммунитеттің төмен болуы, денеге микрорганизмдердің болуы. Клиникалық симптом – тері аздап ісінген, қызғылт түсті, беті ақшыл-сұр түсті қабыршықпен қоршалған, сонымен қоса көпіршік, іріңді бөртпе және шеттері қабыршықтанумен көрінуі мүмкін.
Алдын алу шаралары: теріні таза ұстау, моншаға шомылу кезінде, жеке бас гигиенасын сақтау, жеке тұтыну заттарын ұстау, арнайы балалар бірінші бас киімін ауыстырмау керек, моншада, бассейнде арнайы резеңке аяқ киім кию, жан-жануарлармен жанасқаннан кейін қолды мұқият сабындап жуу, дененің басқа бөліктерін зақымдамау үшін, ошақты сылауға, ванна не душ қабылдауға болмайды, өздігінен ошақты түрлі маймен, кремдермен немесе басқа да заттарды жағуға емдеуге болмайды. Міндетті түрде дәрігер дерматолог кенесін алып, емді уақытында бастау керек. Трихофития ауруы тіркелген жағдайда ошақта күнделікті және қорытынды дезинфекция жұмыстары жүргізіледі. Қорытынды дезинфекция науқастың киімдерін, төсек жабықтарының және үй-жай заттарын дезинфекциялауды қамтиды. Қорытынды дезинфекциялаудың барлық іс-шаралары бір уақытта орындалып, науқастың төсек жабықтары, киімі, жұмсақ ойыншықтары мен науқастың заттарымен жанасқан басқа да заттар қаптарға қапталып, зарарсыздандыру үшін дезинфекция камерасына жіберіледі.

ҚР ДСМ СЭБК «ҮСО» ШЖК РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының Төле би аудандық дезинфекциялық секторының нұсқаушы дезинфекторы Г.Ш.Баймететова

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-көңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1» фирмасы ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Релама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (71712) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (771402)-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан кодекстің 819-бабы, 1-бөлігінде айтылғандай, «Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасалды ма, осы тұлға оны жасауға кінәлі ме, ол әкімшілік жауаптылыққа жата ма, ...анықтауға міндетті».

Қаралып отырған мәселенің теориялық маңызды тұстарын анықтап, осы норманың кеңестік және егемендік жылдарындағы жауаптылықтың бекітілу сұрақтарына да тарихи шолу қажет деп санаймыз.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 15-бабында, 17 жылдан кейін қабылданған Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 35-бабының 2-бөлігінде және 13 жылдан кейін қабылданған Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 32-бабының 2-бөлігінде Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын құқық қорғау органдарының қызметкерлері бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленген болатын.

Тәуелсіздік жылдарында қабылданған екі кодексте де тіл туралы заңнаманы құқық қорғау органы қызметкерлерінің бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа емес, үкімшілік жауаптылыққа тартылуы көзделді.

Енді іс жүзінде осы аталған императивтік нормалардың тәжірибеде іске асуын 2014 жылғы кодекс бойынша, 2025 жылдың 10 қаңтарына дейінгі өзгерістер мен толықтыруларға талдау жасайық. «Қостанай облысы Қостанай қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына түскен іс материалдарынан байқалғандай, өтініш берушіге мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде жауап берілген. Бұл жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің лауазымды адамдарының іс-әрекетінде ӘҚБтК-нің 75-бабында көзделген объективті тараптың белгілері жоқ, сонымен қатар азамат Қ. қылмыстық істі орыс тілінде жүргізуді сұрап өтініш білдірген соң, қылмыстық қудалау органының өтініші ҚР ҚПК шеңберінде шешілген». Нәтижесінде сот азамат Қ.-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 75-бабы бойынша шағымын қанағаттандырудан бас тартқан.

Бұл соттың шешімімен келіспеген азамат Қ. әкімшілік құқық субъектісі ретінде Қостанай облысы сотына апелляциялық шағыммен жүгінген. Істі қараған сот Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің лауазымды тұлғалары «Тіл туралы» заңның 11-бабын бұзды деп таныды. Осы арыз бойынша Қостанай облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органының лауазымды тұлғаларына ӘҚБтК-нің 75-бабымен әкімшілік шара қолданбау әрекетсіздігі заңсыз деп танылсын деген шешім қабылданып, шағымды қанағаттандырды.

Нәтижесінде мәдениет басқармасының лауазымды тұлғаларының әкімшілік заңнама принциптеріне сәйкес әрекет етпеу салдарынан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері жасаған әкімшілік құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылмай, «заң үстемдігі» принципі іске аспағанын байқаймыз. Бұл айғақ-дәлелдемелер егемендігіміздің ең биік тұғыры – тіліміздің құқықтық тұрғыдан қорғалуының жайын әйгілейді.

Тәуелсіздіктің 32 жылынан кейін 2025 жылғы 10 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының 1-бабы, 1)-тармақшасына сәйкес, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар, яғни,



Мирлан ҚЫЗЫЛОВ, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшысы

«ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАНДАЙ ЖАЗАҒА ЛАЙЫҚ?

«32-баптың екінші бөлігі: «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы режимін» деген сөздердің алдынан «Тіл туралы» заңнамасын деген сөздермен толықтырылсын» делінген. Енді бұл өзгерістер уәкілетті және құқық қорғау органдары лауазымды адамдардың жоғарыда келтірілген мысалдары негізінде, өз әкімшілік қалауларымен әкімшілік заңнаманы қолдануына заңдық тұрғыдан тыйым салып отырғанын байқаймыз.

Кодекстің 32-бабы, 2-бөлігіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді. Осы норма бойынша енді құқық қорғау органдары қызметкерлері тәртіптік жауаптылыққа емес, жалпы негіздер бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылатын болады.

Кодекстің 807-бабының 4-бөлігіне сәйкес, егер жеке тұлғалардың Конституция мен «Тіл туралы» заңда келтірілдік берілген құқықтары бұзылған жағдайда, оны қалпына келтіру туралы арызбен тікелей сотқа жүгінген кезде кодекстің 75-бабында көзделген барлық әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, сот құқық бұзушылық туралы хаттама жасамай қарайтыны белгіленген.

«Тіл туралы» заңның 14-бабының және кодекстің 738-бабы 1-бөлігінің талабына сәйкес, «Қазақстан Республикасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған кезде іс жүргізуде орыс тілі немесе басқа да тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады» деп көрсетілген. Дегенмен құқық қорғау органы қызметкерлерінің қазақ тілі – ана тілі болып табылатын азаматтарға қатысты хаттамаларды көп жағдайда орыс тілінде толтыруы орын алуда. Осының салдарынан азаматтардың кодекстің 738, 744, 803-баптарында көрсетілген құқықтары бұзылады.

Мысалы, Қарағанды облысының Шет аудандық соты 2025 жылғы

болып табылатын азаматтарға қатысты әкімшілік іс жүргізу барысында оның әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға құқықтарын түсіндіруге және қатаң сақтауға міндетті екенін ұмытпауы тиіс.

Қарағанды облысының соттарына қарауға жіберілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мынадай тіл заңнамасын бұзушылықтар орын алған. Атап айтсақ:

- құқық қорғау органдары тарапынан әкімшілік құқық бұзушылық хаттамаларды жасақтау кезінде іс жүргізу тілі болып орыс тілінің тағайындалуы;
- өндіріс тілін өзгерту туралы негізделген ұйғарым шығармай, хаттаманы орыс тілінде толтыру;
- Кодекстің 803-бабының 3-бөлігінің талабына сәйкес, іс жүргізудің тілі анықталмаған және ол туралы тиісті қаулы іс құжаттарына тіркемеу;
- орысша құжаттарды іске тігіп, аталған құжаттарды қазақ тіліне аудармау;
- хаттама толтырылған тұлғаның келісімінсіз өндіріс тілін формалды түрде таңдау;
- өндіріс тілін өзгерту туралы негізделген ұйғарымның болмауы;
- хаттаманы жауапқа тартылушы білмейтін тілде толтыру, аудармашы мәселесі шешілмеген және процессуалдық құжаттардың жауапқа тартылушы

қажет болған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады.

744-бап. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға

1. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға... істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға; сондай-ақ өзіне осы кодексте берілген өзге де процесстік құқықтарды пайдалануға құқылы.

749-бап. Қорғаушының міндетті түрде қатысуы

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге мынадай жағдайларда, егер:

3) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адам іс жүргізіліп жатқан тілді білмесе;

... қорғаушының қатысуы міндетті.

803-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде іс жүргізудің тілі анықталады. Өзіне қатысты іс қозғалған тұлғаға, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізудің басқа да қатысушыларына олардың осы кодексте көзделген құқықтары мен міндеттері

білетін тілге аударылмауы және т.б.

Енді осындай заң бұзушылықтар орын алған жағдайда, кодекстің 807-бабы, 1-тармағы, 4-тармақшасына сәйкес, жеке тұлғаның тікелей сотқа жүгінуі арқылы, кодекстің 75-бабында мынадай жекелеген құқыққа қарсы әрекеттер үшін:

- 1-бөлігінде лауазымды адамның тіл білмеуін уәж етіп жеке және заңды тұлғалардың құжаттарын, өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ оларды мәні бойынша қарамауы ескерту жасауға немесе 10 АЕК (2026 ж. АЕК-4325) мөлшерінде айыппұл салуға;
- 5-бөлігінде жеке тұлғалардың тіл таңдау құқықтарын шектеу, тілдік белгілері бойынша кемсіту лауазымды адамдарға 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сондықтан құқық қорғау органдары қызметкерлері кодекстің мына баптарының сөзсіз орындалуын басшылыққа алуға міндетті, атап айтқанда:

9-бап. Заң мен сот алдындағы теңдік

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу барысында заң мен сот алдында бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкіктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

738-бап. Іс жүргізу тілі

1. Қазақстан Республикасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған кезде іс жүргізу де орыс тілі немесе басқа да тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) сот ісін жүргізу тілін өзгерту

түсіндіріліп, бұл жөнінде хаттамада белгі жасалады.

818-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау тәртібі

1. Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға кіріскенде:

7) іс жүргізу тілін айқындайды, мәлімдеме жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар жасау, іс материалдарымен танысу, оны қарау кезінде ана тілінде немесе өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам өзі білетін басқа да тілде сөз сөйлеу, аудармашының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығын түсіндіреді;

843-бап. Осы кодекстің процесстік нормаларын елеулі түрде бұзу

3. Егер:
4) өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның ана тілін немесе өзі білетін тілді және аудармашы көрсететін қызметтерді пайдалану құқығы бұзылса;

... кез келген жағдайда қаулының күші жойылуға жатады.

«Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдшерлік қызметі қызметкерлерінің әдеп кодексіне бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 81 Жарлығының 3-тарауы, 7-тармағы, 8-тармақшасына сәйкес «мемлекеттік тілге және басқа да тілдерге ... құрметпен қарауы тиіс»;

Егер қызметкерлер осы көзделген талаптарды орындамағаны немесе бұзғаны үшін де кодекстің 75-бабымен әкімшілік жауаптылыққа тартуға негіз болады.

Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғау үшін аталған нормалардың қайсыбірінің бұзылуы орын алған жағдайда, тәуелсіз сот төрелігіне жүгінуге құқылы.

Тіліміздің тағдыры өз қолымызда, тіліміздің мәртебесін көтерейік!

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6542 дана
Апталық таралым 13084 дана

Тапсырыс №921 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31